

**Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі
отырысының тақырыбы:
«Жасөспірімдер өмірі мен
денсаулығына қауіп тудыратын мінез-
құлық түрлерінің алдын алу»**

*Жаһандану кезеңіндегі, қоғамдағы ауқымды
әлеуметтік-экономикалық өзгерістер
жағдайындағы Қазақстанның болашағы
балалардың тәрбиелігі, білімділігі, рухани,
адамгершілік жағынан дамуымен қатар өмірге
деген бейімділігімен анықталады.*

- 2007-2011 жылдарға арналған “Қазақстан балалары” бағдарламасы 2007 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Республикасының үкіметінің №1245 қаулысымен бекітілген
- Бағдарламаның мақсаты:
Әлеуметтік және құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз ету арқылы балалар өмірінің сапасын арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының Заңнамаларын жетілдіру
- Мемлекеттік органдар, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ведомствоаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ету
- Барлық категориядағы балаларды сапалы білім беру, медициналық, әлеуметтік қызмет көрсету жағдайларымен қамтамасыз ету
- Қиын өмірлік жағдайларға тап болған балалардың құқығын қорғау үшін кешендік жүйелі шараларды қалыптастыру
- Балалардың қараусыздығы мен панасыздығы және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шараларының жүйесін жетілдіру
- Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу
- Балалардың демалысқа, мәдени және шығармашылық өмірге деген құқықтарын іске асыруға ықпал ететін жағдайларды туғызу.

Мемлекетіміз балалық шақ адам өміріндегі маңызды кезең екенін ескере отырып, балаларды басым бағытқа даярлау қоғамдағы толық қанды тіршілік принциптерінен бастау алатындығын атап көрсетті.

Қазақстан Республикасы 1994 жылы Бала құқығы туралы Конвенцияны бекітті.

Бұл бағдарлама балалар құқығы мәселелерін реттейтін халықаралық нормалардан бастау алатын міндеттемелерді орындаумен байланысты құрылған.

Бағдарлама шеңберінде мүдделі мемлекеттік құрылымдар, жергілікті атқару органдары мен үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар арасындағы балалар өмірінің сапасын арттыру мақсатындағы тиімді қарым-қатынас жүйесін қалыптастырылған.

Ерекше үрей тудыратын мәселе- жасөспірімдер денсаулығы мен өміріне қауіп тудыратын теріс мінез-құлықтардың алдын алуға бағытталған іс-шаралардың болмауы.

Жасөспірімдер денсаулығы мен өміріне қауіп тудыратын мінез-құлық формаларының алдын алу шараларының жүйелі емес екендігін ескере отырып, бағытты іс-шараларды іске асыру ісіне азаматтық секторды жұмылдыру керек.




Балаларға қатысты мемлекеттік саясат еліміздегі экономикалық және саяси реформалар кезінде іске асып жатыр... Балалардың қоғамдағы жағдайын жақсартуға бағытталған барабар шаралар қабылданып жатыр.

Осыған қарамастан отбасының әлеуметтік институты ролінің төмендеуі сияқты келеңсіздіктер орын алып жатыр, әлеуметтік нормаларға қайшы өмір сүретін ата-аналар саны көбеюде.

Бұл істің бұлай етек жаюы- баланың адамгершілікті, рухани бай тұлға ретіндегі қалыптасуындағы отбасы ролінің төмендеуі; бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі, материалдық және тұрмыстық қиындықтар, әсіресе жас отбасыларда, мектеп, отбасы және қоғам арасындағы қарым-қатынастың жеткіліксіз болуы, отбасы құндылықтары мен отбасылық тәрбиенің дұрыс насихатталмауы.



Топтарға тапсырма

-  «Құқық бұзушы жасөспірімнің» портретін салыңыз
-  «Нашақор жасөспірімнің» портретін салыңыз.
-  «Суицидқа бейім келетін жасөспірімнің» портретін салыңыз».

Тәртіпсіздік	Құқықбұзу-шылық	Қылмыс
<p>Қылмыс кодексінде қарастырылмаған немесе ондағы нышандардың барлығына бірдей ие болмайтын қоғамға зиян келетін әрекеттер немесе онда көрсетілген түрлері: азаматтық, әкімшіліктік және тәртіптік</p>	<p>Заңмен реттелген кәмелет жасқа толған және ақыл-есі дұрыс адамдардың заңға қарсы жасаған әрекеттері.</p>	<p>Заңға қайшы келетін, жазасы өтелетін қоғамдық қауіпті әрекет, заңмен реттелетін қоғамдық қатынастарға түбегейлі зиян келетін қоғамдық қауіпті әрекет</p>



**Жасөспірімдермен
жекелеме жұмыс**

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
қызметтің кеңестері,
ТРЕНИНГТЕР**

**БАҚ
байланыс**

**Жазғы
демалысты
ұйымдастыру**

**КТК клубтары мен
спорт
секцияларының
жұмысы**

**ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
кеңес**

КТЖИ

**Құқықбұзушылықтың алдын алудағы
мектептің жұмысы**

**Ата-аналарға
арналған кеңестер**

**ПОЛИЦИЯ,
ПРОКУРАТУРА,
ЮСТИЦИЯ
өкілдерімен кездесу**

**Жалпы мектептік
шаралар мен
сынып сағаттары**

**Құқықтық
сауаттандыру**

«Қауіп тобындағы» оқушыларды анықтау



Топтарға тапсырма

- Оқушыларды мектепішілік тіркеуге қою критерийлерін анықтаңыз.

Мектепішілік тіркеуге қою критерийлері

- Сабақты босату
- Қоғамға қайшы келетін мінез-құлық элементтерінің болуы (дөрекі сөйлеу, төбелес, өрескелділік, шылым шегу, оқушылардың ар-намысына тию)
- ПАЗ (психоактивті заттар) қолдану (бір рет болса да)
- Отбасының әлеуметтік сәтсіздік жағдайы(әлеуметтік жағдайлардан туындаған аурулар, қаңғыбастық, қайыр тілеу және т.б.)

Балаларға арналған жаднама

Ақша және басқа да заттарды бопсалаушылығының зардабын шекпеу үшін:

- Бар фактілерді жасырмаңыз;
- Бопсалаушылық кезінде ол адамды есте сақтап қалуға тырысыңыз (аттарын, тәртібін, басқа да қылықтарын);
- Бопсалаушылардан қорықпандар, олар кәдімгі қылмыскерлер;
- Бопсалаушылық кезінде үлкендердің, жанындағы адамдардың назарын аударуға тырыс (қатты сөйле, айқайла, қашып кетуге әрекетер жаса т.б.);
- Егер олардың талаптарын орындай алмасаң, кейін орындауға уәде бер;
- Бопсалаушылық жағдайы туралы ата-аналарға, мектеп инспекторына, мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне хабар бер
- ХҚК телефон арқылы хабарла

Есіңе сақта!

- Бопсалаушының көңілін аудармау үшін өзіндегі ақшаны, ұялы телефонды және басқа да құнды заттарды көшеде пайдаланған кезде абай бол!
- Өзіңе бейтаныс жасөспірімдердің топтасып тұрған жерлерінен айналып өт.

Жазғы демалыс кезінде оқушылар мен ата - аналарға арналған жаднама


Құрметті оқушылар, ата-аналар!

Сендерді тоқсанның аяқталуымен құттықтаймыз. Осыған орай сіздерге жақсы демалыс тілейміз. Жазғы демалыс кезінде мұражайларға, кинотеатрларға, кітапханалар мен сауықтыру орталықтарына барыңыздыр.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында келесі ұсыныстарды назарларыңызға ұсынамыз:

1. Жасөспірімдердің топтасқан жерлері мен ішімдік ішкен адамдардың жанынан аулақ жүру.
2. Сағат 21.00 ден кейін көшеде жүру
3. Алкогольдік ішімдіктерді, нашаны және ПАЗ –ды қолданбау;
4. Ойын залдары мен ойын автоматтарына барудан бас тарту;
5. Түнгі уақыттарда компьютерлік салондарда қалмау;
6. Бопсалаушылықпен айналыспау, егер де өздерің сондай жағдайға тап болған кезде ата-аналарыңнан жасырмау;
7. Құқықбұзушылықтарға, қылмысқа бармау, егер сендерге қысым көрсеткен жағдайда ата-аналарыңа және мектепке ақпарат беруге тырысу
8. Құқықбұзушылыққа бейім болып көрініп, күмән тудыратын топтардан аулақ болу;
9. ЖЖЕ сақтау;
10. Әрдайым осы ұсыныстарды ұстанатын болсаң, өзіңді құқықбұзушылықтан алыстатасың

Нашақорлық – ауытқыған мінез-құлық түрі ретінде



Есірткі қолданудың салдары

Әлеуметтік

үлгерімінің
төмендеуі, азаматтық
және
құқықтық
тәртіп бұзушылықтың
көбеюі,
суицидтің көбеюі

Рухани




Нашақорлық
ортаның
идеологиясын
қалыптастыру,
тұлғаның күрт
өзгеруі

Медициналық

Денсаулықтың
нашарлауы,
ішімдікке салыну,
жастардың арасындағы
өлімнің көбеюі



Топтарға тапсырма

-  «Есірткіні қолданудың алдын алу» кластерін жасаңыз.
-  «Ішімдікті қолданудың алдын алу» кластерін жасаңыз.
-  «Шылым шегудің алдын алу» кластерін жасаңыз.

Мектептің наркологиялық бекеті

Мақсаты:

Мектепте дұрыс білім алуға қолайлы жағдайлар туғызу, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, нашақорлық заттар мен ішімдікті қабылдаудың алдын алу, оқушылардың міне-құлықтарын дұрыс жолға қою.

Міндеттер:

- Ауытқыған мінез-құлықты қалыпқа келтіруге бағытталған жекелеме тәрбие жұмыстарын жүргізу, тәуелділікті қалыптастыру;
- Білім беру мекемелеріндегі балаларды психоактивті заттарды қолдануының алдын алу;
- Ата-аналарды нашақорлық жағдайлары, отбасылық бақылаудың қажеттілігі жөнінде ақпараттандыру, ауытқыған мінез-құлық салдарын анықтау және салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізу.
- Психоактивті заттарды қолдануға әуес, ауытқыған мінез-құлықты оқушылар арасындағы қауіп тобын анықтау, сол жайлы ата-аналарды, нарколог-дәрігерді дер кезінде хабардар етіп, педагогикалық немесе тәрбиелік шаралар жүргізу.
- Оқушылар мен ата-аналар арасында ақпараттық-сауаттандыру жұмыстарын жүргізу.

Наркологиялық бекеттің құрамы

- Төрағасы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- Педагог-психологтар
- Мектептің медициналық қызметкері
- Нарколог-дәрігер
- Сынып жетекшілер
- Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының өкілі
- Ата-аналар комитетінің өкілі

Сынып жетекшісіне арналған жаднама

Педагог балалардың психоактивті және есірткі заттарды қолдануының белгілерін білуі керек.

Физиологиялық белгілері:

- Терінің өңсіздігі, бозаруы;
- Көздің шарасын шығып, қызарып, бұлдырап кетуі,
- Баяу, түсініксіз сөйлеу;
- Тәбеттің ,салмақтың жоғалуы немесе асты шектен тыс ішу;
- Созылмалы жөтел;
- Қозғалу белсендігінің төмендеуі (шалыну немесе ақсаңдау);
- Уақыттың басым бөлігін іс-әрекеттері әлеуметке қайшы келтіретін топтарда өткізу

Тәртіптің белгілері:

- **Себепсіз ашулану, әлсіздік**
- **Бәріне немқұрайдық таныту, зейін мен есте сақтау қабілетінің төмендеуі**
- **Үйден кетіп қалу, белгісіз себептермен сабақты босату**
- **Ұйқысыздық**
- **Сынды дұрыс қабылдамау, көңіл-күйдің күрт өзгеріске ұшырауы**
- **Тез шаршау**
- **Жақын адамдармен қарым-қатынасты үзу**
- **Сабақ үлгерімінің төмендеуі**
- **Үнемі ақша сұрау**
- **Үйдегі киім-кешек, кітап, видео және аудио техниканың, бағалы заттардың жоғалуы**
- **Телефонмен жиі сөйлесу**
- **Оқшаулану, бұрын өзін қызықтырған іс-шараларға қатысудан бас тарту**
- **Өтірік айту, алдау**
- **Сұраққа толық жауап қайтармау, жалтару, өтірік әңгімелер құрау**
- **Сыртқы келбетінің талапқа сәйкес болмауы**
- **Ерекше әуендерді көбірек тыңдауға әуестілігі**

Айқын белгілер:

- Уколдың орындары, жарақат орны, көгерген жер
- Қағаз бен ақшаны, дөңгелетіп ораулары
- Қарайған кішкене қасықтар
- капсулалар, көпіршіктер, қаңылтыр банкалар
- Әр түрлі тыныштандыратын дәрі-дәрмек қораптары
- «Беломор» папиростары

Педагог қиын-қыстау кезеңінде дұрыс әрекет жасай білу керек. Білім беру мекемесінің қызметкерлері мен әкімшілігінің жасөспірімдердің есірткіні пайдаланатындарына күмәнданған кездегі әрекеттерінің реттілігі.

Негізгі ережелер.

- Жасөспірімді есеңгірететін заттарды пайдаланудың әкелетін зияны мен салдары туралы жеткілікті ақпараттандыру
- Алғашқы ескерту жасаған кезде ұстамдылық көрсетіп, айғай-шусыз, байыппен балаға медициналық көмек көрсетудің қажеттілігіне көзін жеткізу.
- . Мектепке есеңгіреген күйі келіп, психоактивті заттарды қабылдауға достарын үгіттеуге болмайтындығы туралы қатаң түрде ескерту
- Мұндай көріністер орын алған жағдайда мектеп әкімшілігі белгіленген тәртіп бойынша әрекет жасайтындығы туралы хабардар ету.








Назарларыңызға!

1. Жасөспірімдерге көмек ұсынған кезде олардың ар-намысына тимей, психикалық қасиеттерін ескере отырып, әрекет жасаңыз.
2. Баланың дерті туралы ақпараттың тарап кетпеуіне басты назар аударыңыз, өйткені ондай жағдайлар сіздің тарапыңыздан кездесіп жатқан кездерде баламен қарым-қатынасты жоғалтып алу мүмкін және бұл жағдайдың жасөспірім үшін өте ауыр тиетінін ұмытпаңыз.
3. Педагогтар наркологиялық көмек көрсететін мекемелер және олардың қызметтері туралы хабардар болулары керек. Олар қаншалықты жасырын түрде көмек көрсетіндігінің де маңызы ерекше.
4. Психоактивті заттарды қолданатын кәмелетке толмаған балалармен жұмыс барысында оның отбасы жағдайын білу ерекше назарда болуы керек. (ата-аналарының баласына ықпалы қаншалықты, оны қоршаған микро әлеуметтік ортадағы адамдар кім және немен шұғылданатын білу қажет)
5. Балалар мен жасөспірімдер арасында ауқымды ағарту-насихаттау жұмыстарын жүргізу керек.

Егер жасөспірімнің есірткілік заттарды пайдаланғанына күмәніңіз болса, келесі әрекеттерді жасағаныңыз абзал:









1. Күмәніңіз туралы баланың ата-анасын немесе қамқоршысын хабардар етіңіз.
2. Есірткілік заттарды топтасып қабылдаған топ мүшелері ата-аналарымен жиналыс өткізіп, алдағы уақыттағы бірлескен әрекеттердің жоспарын құру. Аталған жиналысқа психиатр-наркологты және құқық қорғау органдарының өкілдерін шақырғаныңыз өз нәтижесін береді.
3. Нарколог дәрігермен оқушылардың немесе ата-аналардың жекелеме кездесуін ұйымдастырыңыз.
4. Жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына анонимдік қаралу мен емделу туралы және арнайы мекемелердің мекен-жайлары мен телефондары жайлы ақпарат беріңіз.

Өз-өзіне қол жұмсаудың төменгі деңгейі (100 мың адамға жылына 10 адам)


	Италия	7
	Англия	7
	Израиль	6
	Греция	3
	Грузия	2
	Армения	2
	Әзербайжан	1

Өз-өзіне қол жұмсаудың жоғарғы және ең жоғарғы деңгейі


(100 мың адмға 20 адамнан жоғары):

	Литва	42
	Белоруссия	37
	Ресей	36
	Қазақстан	30
	Венгрия	28.5
	Латвия	26
	Украина	25
	Жапония	24


Суицидтік жағдайға бейім жасөспірімдер жанұясының әлеуметтік статусы (ШҚО бойынша)





Суицидке бейім жасөспірімдер тұратын жанұялардың әлеуметтік статусы



«Логикалық лото»

 Бастауыш сыныптардың ата-аналарына арналған суицидтың алдын алу мақсатындағы ұсыныстарды таңдаңыз.

 Орта буын сыныптарының ата-аналарына арналған суицидтың алдын алу мақсатындағы ұсыныстарды таңдаңыз.

 Жоғары сынып ата-аналарына арналған суицидтың алдын алу мақсатындағы ұсыныстарды таңдаңыз.

«Аяқталмаған сөйлемдер» рефлексиясы

Өмір қауіпсіз болған
жағдайда ғана тамаша

Өзіңді қорғай біл !!!

- **Рефлексия «Аяқталмаған сөйлемдер».**

- Бүгінгі іс-шарада менің түсінгенім _____

- Мен үшін белгісіз және жаңалық болғаны _____

- Мен үшін қиын болғаны _____

- Маған түсініксіз болып қалғаны _____

- Өз іс-тәжірибем үшін алдағы уақытта қолданатыным _____

- Бүгінгі іс-шарада мен үшін ең тиімді болғаны _____

- Аталған мәселелер бойынша білгім келетінім _____



Ақылды-лық

Жаксы-лық

Өмір

денсаулық

Мақсат қоя білу

батылдық

ептестіргіш

Бостан-дық

шынайылық

сенімді-лік

Өзбеттілік

ОПТИМИЗМ

қуаныш

бақыт

жігерлік